

Талғар аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 4-23 шешімі. Алматы облыстық Әділет департаментінде 2004 жылы 28 қаңтарда N 1466 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2005 жылғы 26 қаңтардағы № 18-72 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 26.01.2005 № 18-72 шешімімен. Р Қ А О ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 9 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Талғар аудандық мәслихатының регламенті қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Талғар аудандық мәслихатының 2001 жылғы 28 наурыздағы "Талғар аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" N 10-71 шешімінің күші жойылды деп есептелсін.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы Шамшеденов Р.Ш.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң

хатшысы Құдықов Н.

Талғар аудандық мәслихатының
2003 жылғы 29 желтоқсандағы
N 4 - 2 3 ш е ш і м і н е
қосымша

ТАЛҒАР АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ РЕГЛАМЕНТІ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Талғар аудандық мәслихаты жергілікті өкілді орган, аудан халқына жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады. Қазақстан Республикасы Заңдарына сәйкес халықтың еркін білдіретін шараларды анықтап, оның іске асуын қадағалайды.
2. Талғар аудандық мәслихат сессияларын оның органдарының отырыстарын

өткізу, оларға мәселелер енгізу және қарау, мәслихат органдарын құру және сайлау, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, көпшіліктік тыңдаулар, депутаттардың сауалдарын қарау тәртібі, сондай-ақ дауыс беру тәртібі, аппарат жұмысын ұйымдастыру, басқа да рәсімдік және жұмысын ұйымдастыру мәселелері осы регламентпен белгіленеді.

2-тарау. Мәслихатты құру

3. Талғар аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының "Сайлау туралы" Заңына сәйкес сайланған 19 (он тоғыз) депутаттан тұрады.

4. Талғар аудандық мәслихатының өкілеттігі бірінші сессия ашылған кезден басталады және жаңадан сайланған мәслихаттың бірінші сессиясының жұмысы б а с т а л ғ а н д а а я қ т а л а д ы .

5. Талғар аудандық мәслихаты заңды тұлға және аудандық Қазыналық бөлімінде жеке есеп шоты, мөрі, мөртаңбасы бар.

3-тарау. Мәслихаттың құзыреті

6. Аудандық мәслихаттың құзыретіне:

1) жоспарлар бекіту, аудандық экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларын, аудан бюджеті және олардың атқарылуы туралы соның ішінде селолық округтер мен Талғар қаласын ұстауға арналған шығыстар сметасын б е к і т у ;

2) қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану жөніндегі аудандық бағдарламаларды және қоршаған ортаны қорғау, сауықтыру жөніндегі шығыстарды бекіту, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарға сәйкес өзге де мәселелерді шешу.

3) әкімнің ұсынуы бойынша Талғар ауданын басқару схемасын бекіту;

4) жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс және жергілікті қауымдастық ұйымының шекараларын айқындау мәселелерін шешу;

5) әкімнің ұсынысы бойынша мәслихат сессиясының шешімімен Талғар ауданы әкімиятының дербес құрамын келісу;

6) аудандық атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау және тиісті органдарға мәслихат шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ ұйымдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар е н г і з у ;

7) Қазақстан Республикасы Заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі белгілеген

е р е ж е л е р д і б е к і т у ;

8) ауданның экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларының, жоспарларының, аудан бюджетінің орындалуын бақылау;

9) мәслихаттың тұрақты комиссияларымен өзге де органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихаттың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

10) халықтың жұмыспен қамтылуына көмектесумен кедейшілікпен күресу б а ғ д а р л а м а с ы н б е к і т у ;

11) әкімнің ұсынуы бойынша ведомствааралық сипаттағы мәселелер бойынша әкімият жанындағы консультативті-кеңесші органдардың дербес қ ұ р а м ы н б е к і т у ;

12) Қазақстан Республикасының Жер Заңдарына сәйкес жер қатынастарын р е т т е у д і ж ү з е г е а с ы р у ;

13) Талғар қаласын және аудандағы селолық елді мекендер салудың бас ж о с п а р л а р ы н б е к і т у ;

14) азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, Заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына ықпал ету;

15) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

4-тарау. Мәслихаттың актілері

7. Аудандық мәслихаттың өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шығаратын шешімдері мәслихаттың актілері болып табылады.

8. Аудандық мәслихаттың аудан бюджеті кірістерін қысқарту немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін шешім жобалары аудан әкімінің ұсынысы бойынша қ а р а у ғ а е н г і з і л е д і .

9. Аудандық мәслихаттың өз құзыреті шегінде және азаматтардың құқықтарына бостандықтары мен міндеттеріне қатысты қабылданған шешімдер ж а р и я л а н у ғ а ж а т а д ы .

10. Аудандық мәслихаттың жалпыға бірдей міндетті маңызы бар, ведомствоаралық сипаттағы немесе азаматтардың құқықтарына, бостандықтарымен міндеттеріне қатысты шешімдер заңда белгіленген тәртіпте Алматы облыстық әділет басқармасының мемлекеттік тіркеуіне жатады.

11. Аудандық мәслихаттың Қазақстан Республикасы Конституциясы мен Заңдарына сәйкес келмейтін шешімдерін мәслихаттың өзінің жоюы не сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

5-тарау. Мәслихат жұмысын ұйымдастыру

12. Мәслихат өз өкілеттігін сессияларда тұрақты комиссияларымен өзге де органдары, мәслихат сессиясы төрағасы, мәслихаттың депутаттарымен хатшысы арқылы Қазақстан Республикасы Заңдарында белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.

13. Мәслихат қызметінің негізгі нысаны сессия болып табылады. Егер мәслихатқа сайланған депутаттар санының кемінде үштен екісі сессияға қатысса, мәслихат сессиясы заңды болады.

14. Аудандық мәслихат:

1) Мәслихат сессиясының төрағасын, мәслихат хатшысын сайлайды және қызметінен босатады, олардың есептерін тыңдайды;

2) Мәслихаттың тұрақты комиссияларымен өзге де органдарын құрады, олардың төрағаларын сайлайды және қызметінен босатады, олардың жұмысы туралы есептерін тыңдайды;

3) Мәслихаттың қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстарды айқындайды, тексеру комиссиясының актілерін бекітеді;

4) заңдарда белгіленген адам санымен қаражат лимиті шегінде мәслихат аппаратының құрылымын бекітеді және оны ұстауға әрі материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге арналған шығыстарды айқындайды;

5) Мәслихаттың регламентін бекітеді;

6) депутаттардың сауалдарын қарайды және олар бойынша шешімдер қабылдайды;

7) өз жұмысын ұйымдастыру жөнінде өзге де шешімдер қабылдайды.

6-тарау. Мәслихат сессиясын шақыру тәртібі

15. Жаңадан сайланған мәслихаттың бірінші сессиясын осы мәслихат үшін белгіленген мәслихат депутаттары тіркелген күннен бастап отыз күн мерзімнен кешіктірмей тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы шақырады.

16. Мәслихаттың кезекті сессиясы үш айда бір рет шақырылады бірақ, кемінде жылына төрт реттен кем емес және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді. Аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясын осы мәслихатқа сайланған депутаттар санының кемінде үштен бірінің сондай-ақ әкімнің ұсынысы бойынша мәслихат сессиясының төрағасы шақырады және жүргізеді. Кезектен тыс сессия оны өткізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес күн мерзімнен кешіктірілмей шақырылады.

17. Мәслихат хатшысы мәслихат сессиясын шақыру уақыты мен өткізілетін орны туралы, сондай-ақ сессияның қарауына енгізілетін мәселелер туралы депутаттарға, халыққа және әкімге сессияға кемінде он күн қалғанда, ал кезектен тыс сессия шақырылған жағдайда кемінде үш күн бұрын хабарлайды. Халық мәслихат сессиясының жүргізілуін, сессияға енген сұрақтар туралы аудандық газет бетіне берілген хабарландыру арқылы біле алады. Мәслихат хатшысы сессияның қарауына енгізген мәселелер бойынша қажетті материалдарды депутаттарға және әкімге - сессияға кемінде бес күн қалғанда, ал кезектен тыс сессия шақырылған жағдайда кемінде үш күн қалғанда табыс етеді.

7-тарау. Мәслихат сессиясын өткізу тәртібі

18. Мәслихат сессиясы жалпы отырыс нысанында өтеді.

19. Мәслихаттың бірінші сессиясын аудандық сайлау комиссиясының төрағасы ашады және мәслихат сессиясының төрағасы сайланғанға дейін жүргізеді. Одан әрі мәслихат сессиясын мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді.

20. Сессияның ұзақтығын мәслихат белгілейді. Жалпы мәслихаттың сессиясы күннің бірінші жартысында жүргізіледі. Қажет болған жағдайда сессия жұмысы әр 1,5 сағаттық жұмыстан кейін 20 минут үзіліспен және бір сағаттық түскі үзіліспен күні бойы жұмыс істеуі мүмкін. Мәслихат сессиясының шешімі бойынша отырыстың басталуы және аяқталуы туралы басқаша тәртіп белгіленуі мүмкін. Сессияда негізгі баяндама үшін бір сағат, қосымша баяндама үшін 20 минут, жарыссөз үшін 10 минутке дейін, сұрақ, сауал, ұсыныс хабарлама және анықтама беру үшін 3 минут беріледі.

Сессия жұмысында мәслихат шешімі бойынша мәслихат белгілеген он бес күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге үзіліс жасалуы мүмкін.

21. Мәслихат сессиялары, әдетте ашық сипатта болады. Мәслихат сессиясы төрағасының немесе мәслихат сессиясына қатысып отырған депутаттар санының үштен бірінің ұсынысы бойынша қабылданатын мәслихат шешімімен, егер қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілігі осы үшін дауыс берсе, жабық сессиялар өткізуге жол беріледі.

22. Кезекті сессияның күн тәртібі сессия төрағасы, мәслихат хатшысы, тұрақты және басқа да комиссиялармен, депутаттармен, депутаттық топтар, аудан әкімімен үйлестіріледі. Күн тәртібі туралы ұсынысты жоғары тұрған басқару және билік органдары сессияның төрағасы, қоғамдық ұйымдар, ауылдық, кенттік округтердің тұрғындары жиналысының өкілдері жасай алады.

Сессияның күн тәртібі талқыланған кезде толықтырылуы, өзгертілуі мүмкін.

Сессия жұмысының тәртібі және күн тәртібіне деген ұсыныстармен

ескертпелерді депутаттар сессия төрағасына жазбаша түрде береді, ол түскеннен кейін төрағалық етуші жариялайды.

Сессияның күн тәртібіне енетін ұсыныстар туралы сұрақ әр ұсынысқа ашық дауыс беру арқылы сессияға қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілігімен шешіледі.

23. Мәслихат сессиясы төрағасының шақыруы бойынша жергілікті атқару органдары басшылары, аудан аумағында орналасқан ұйымдардың басшыларымен өзге де лауазымды адамдарды мәслихаттың құзырына жататын мәселелер бойынша ақпараттар беру үшін мәслихат сессиясына келуге міндетті.

Шақырылған адамдарға өздеріне тиісті сұрақтар бойынша сессияда сөз берілуі мүмкін. Шақырылған адамдардың сессия жұмысына араласуға құқығы жоқ, олар сессия төрағасының өкіміне бағынуға және тәртібін сақтауға тиісті.

8-тарау. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиялары

24. Мәслихат өз өкілеттігі мерзіміне тұрақты комиссиялар құрады. Олардың саны жетеуден аспауы тиіс, қажет болған жағдайда, Мәслихат тұрақты комиссияларды қайта құрып, таратып және қайта ұйымдастыра алады.

25. Тұрақты комиссиялардың тізбесі мен сан құрамын мәслихат белгілейді.

26. Тұрақты комиссиялар өздерін сайлаған мәслихат алдында жауапты және жылына кемінде бір рет өз қызметі туралы есеп береді.

27. Тұрақты комиссиялар өз бастамалары бойынша немесе мәслихат шешімі бойынша көпшіліктік тыңдаулар өткізе алады. Көпшіліктік тыңдаулар депутаттардың, атқарушы органдар, өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, азаматтардың қатысуымен осы комиссиялардың кеңейтілген отырыстары түрінде тұрақты комиссияның қарауына жататын мейлінше маңызды және қоғамдық мәні бар мәселелерді талқылау мақсатында өткізіледі.

28. Төрағалардың ұсынысы бойынша аудандық мәслихат тұрақты комиссиялардың құрамдарына өзгерістер енгізуге құқылы. Мәслихат тұрақты комиссияның төрағалары өз міндеттерін атқара алмаған жағдайда немесе өз өтініштері бойынша мерзімінен бұрын өкілеттігін тоқтата алады.

29. Тұрақты комиссиялардың отырысы қажеттілігіне қарай шақырылады және егер отырысқа олардың құрамына кіретін депутаттар санының жартысынан астамы қатысса заңды болып есептеледі.

Тұрақты комиссиялардың қаулысы комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

Комиссияның отырысында дауыс беру кезінде депутаттардың дауысы тең бөлінген жағдайда, тұрақты комиссияның төрағасы шешуші дауыс құқығын

п а й д а л а н а д ы .

30. Тұрақты комиссияның қаулысы мен отырыстың хаттамасына оның төрағасы қол қояды, ал бірнеше тұрақты комиссияның бірлескен отырысы өткізілген жағдайда, тиісті комиссиялардың төрағалары қол қояды.

31. Аудандық мәслихаттың хатшысы тұрақты комиссиялардың сандары, тізбесі, сан құрамдары және төрағаларына кандидаттар туралы ұсыныс енгізеді.

32. Тұрақты комиссиялар :

1) аудандық мәслихат сессиясының күн тәртібі бойынша, сондай-ақ мәслихат сессиясында қаралатын кез келген мәселе бойынша мәслихатқа, мәслихат сессиясының төрағасына, мәслихат хатшысына ұсыныс енгізеді;

2) өз құзыреті шегінде сессияда жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін тыңдау туралы мәслихатқа ұсыныс енгізеді;

3) комиссияның жұмысына мәслихаттың басқа да депутаттарын, сондай-ақ мемлекеттік органдар, ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерін және азаматтарды тартуға құқылы.

33. Әкімият, жергілікті бюджеттен қаржыланатын ұйымдар, аудандық атқарушы органдардың лауазымды адамдары, белгіленген тәртіпте тұрақты комиссияларға олардың құзыретіндегі мәселелер бойынша қажетті ақпарат беруге міндетті.

34. Мәслихаттың тұрақты комиссиялары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулылар қабылдайды.

35. Тұрақты комиссияның жұмысын үйлестіру және жұмысына көмек беруді аудандық мәслихаттың аппараты және хатшысы жүзеге асырады. Тұрақты комиссияның ұйымдастыру жұмыстары, міндеттері мен құқықтары Қазақстан Республикасы Заңымен және осы регламентпен белгіленеді.

9 -тарау. Мәслихаттың уақытша комиссиялары

36. Мәслихаттың құзырына жатқызылған мәселелерді сессияда қарауға әзірлеу мақсатында мәслихат не мәслихат хатшысы уақытша комиссиялар құруға құқылы. Уақытша комиссиялардың құрамын, міндеттерін, өкілеттік мерзімдерін және құқықтарын мәслихат оларды құру кезінде белгілейді.

Уақытша комиссияның отырысы ашық түрде өтеді, комиссия отырысын жабық түрде де өткізуге болады.

Уақытша комиссиялар өз құзыретіндегі сұрақтар бойынша қорытынды жасайды.

37. Мәслихаттың уақытша комиссиясы Талғар ауданы аумағында мемлекеттік және қоғамдық органдардан, кәсіпорындар, ұйымдардан, меншік түрі дербес ұйымдардан қажетті құжаттар мен материалдар талап етуге, экспорт шақыруға

аудандық мәслихат берген өзге де өкілеттікті пайдалануға құқылы.

Қолданылатын Заңдарға сәйкес уақытша комиссияның қызметіне кедергі жасаған лауазымды адамдар жауапкершілікке тартылады.

Уақытша комиссия жұмысына қатысқаны үшін ақы төленбейді.

Уақытша комиссия мәслихат сессиясының шешімімен мерзімінен бұрын немесе міндеттерін атқарғаннан кейін өз қызметін тоқтатады.

10-тарау. Мәслихат сессиясының төрағасы

38. Мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы ашық дауыс беру арқылы өз депутаттарының арасынан мәслихаттың алдыңғы сессиясында сайланады.

39. Мәслихат сессиясының төрағасына кандидатты депутаттар жазбаша немесе ауызша түрде ұсынады.

40. Бірнеше кандидаттар ұсынылған жағдайда әрбір кандидатқа жеке дауыс беру арқылы жүргізіледі.

41. Сессия төрағасы мәслихат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен сайланған болып есептеледі.

42. Сессия төрағасы болып сайланғаны туралы мәслихат сессиясында шешім қабылданады.

43. Мәслихат депутаты мәслихат сессиясының төрағасы болып күнтізбелік жыл ішінде екі реттен артық сайлана алмайды.

44. Мәслихат сессиясының төрағасы:

1) Мәслихат сессиясын шақыру туралы шешім қабылдайды;

2) Мәслихат сессиясын әзірлеуге басшылық жасауды жүзеге асырады, сессияның күн тәртібін қалыптастырады.

3) Мәслихат сессиясының отырысын жүргізеді мәслихат регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;

4) Мәслихаттың сессиясында қабылданған немесе бекітілген мәслихаттың шешіміне, хаттамаларына өзге де құжаттарға қол қояды;

45. Мәслихат сессиясының төрағасы өз қызметін басқа жұмыстан босатылмаған негізде жүзеге асырады.

46. Мәслихат сессиясында дауыс беру кезінде депутаттардың дауысы тең бөлінген жағдайда, мәслихат сессиясының төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11-тарау. Мәслихаттың хатшысы

Мәслихаттың хатшысы тұрақты негізде жұмыс істейтін лауазымды адам болып табылады. Оны мәслихат сессиясында депутаттар арасынан ашық немесе

жасырын дауыс беру арқылы депутаттар жалпы санының көпшілік даусымен мәслихат сайлайды және қызметтен босатады. Мәслихаттың хатшысы мәслихат өкілеттігі мерзіміне сайланады.

47. Мәслихат хатшысы:

1) Мәслихат сессиясын және оның карауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуді ұйымдастырады, хаттама жасалуын қамтамасыз етеді, сессия төрағасымен бірге мәслихат сессиясында, қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттарға қол қояды;

2) депутаттардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, депутаттарды мәслихат сессияларына оның тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының жұмысына, сайлау округтеріндегі жұмысқа қатысуы үшін қызметтік міндеттерін орындаудан босатуға байланысты мәселелерді қарайды;

3) депутаттар сауалдарының және депутаттық өтініштердің қаралуын бақылайды;

4) Мәслихат аппаратының қызметіне басшылық жасайды, оның қызметшілерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) сайлаушылар өтініштері туралы және олар бойынша қабылданған шаралар туралы мәслихатқа ұдайы ақпарат беріп отырады.

6) Мәслихаттың жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

7) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады;

8) Мәслихаттың тұрақты комиссияларымен өзге де органдарының және депутаттың топтардың қызметін үйлестіреді;

9) Мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда мәслихат атынан өкіл болады;

10) Мәслихат шешімдерінің жариялануын қамтамасыз етеді, олардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды белгілейді;

11) Мәслихат шешімі бойынша өзге де міндеттерді орындайды;

48. Мәслихат хатшысының мәслихаттың тұрақты комиссияларында болуға құқығы жоқ.

49. Мәслихаттың хатшысы болмаған кезде оның өкілеттігін мәслихат сессиясы төрағасының шешімі бойынша мәслихат тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы уақытша жүзеге асырады.

12-тарау. Мәслихат депутаты

Мәслихат депутаты жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді.

50. Мәслихат депутатының өкілеттігі тиісті аумақтық сайлау комиссиясы оны депутат ретінде тіркеген кезден басталып, мәслихат өкілеттігі тоқталған кезден б а с т а п т о қ т а й д ы .

51. Мәслихат депутатының өкілеттігі мынадай жағдайларда:

1) депутат заңдарға сәйкес депутаттың міндеттерді орындаумен сыйымсыз лауазымға сайланса немесе тағайындалса;

2) депутатты әрекетке қабілетсіз деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне е н с е ;

3) Мәслихаттың өкілеттігі тоқтатылса;

4) депутат қайтыс болса;

5) ол Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылса;

6) соттың депутатқа қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енсе;

7) депутаттың орнынан түсу туралы жеке өтінішіне байланысты;

8) депутат өз міндеттерін жүйелі түрде орындамаса, оның ішінде Мәслихат сессиясының жалпы отырыстарына дәлелді себептерсіз қатарынан үш реттен артық қатыспаса, мерзімінен бұрын тоқтатылады.

52. Депутаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім аумақтық сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша, қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен мәслихат сессиясында қ а б ы л д а н а д ы .

5 3 . Д е п у т а т :

1) сайлауға және мәслихат сессиясының төрағасы, мәслихат хатшысы, тексеру комиссиясының төрағасы немесе мүшесі болып сайлануға, мәслихаттың өзге де органдарына сайлануға;

2) Мәслихат сессиясы мен оның тұрақты комиссияларында және өзге де органдарда қарау үшін мәселелер ұсынуға, оларды қарауға және шешімдер қ а б ы л д а у ғ а қ а т ы с у ғ а ;

3) тиісті мәслихаттың аумағында орналасқан жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдарға мәслихаттың құзыретіне жатқызылатын мәселелер бойынша сауалдар беруге және жолданымдар жіберуге;

4) өз округінің сайлаушыларымен, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, ұйымдармен кездесулермен жиналыстар өткізуге;

5) сессияда тиісті мәслихат аумағында орналасқан жергілікті атқарушы орган мен ұйымдардың лауазымды адамдардың мәслихаттың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша есептерін тыңдау туралы ұсыныстар енгізуге;

6) тиісті әкімият отырыстарының жұмысына қатысуға;

7) Мәслихатпен оның органдары, отырыстарының хаттамаларымен танысуға;

8) саяси партиялардың депутаттық тобы түрінде депутаттық бірлестіктер
қ ұ р у ғ а ;

9) заңдарда және мәслихат регламентінде көзделген өзге де іс-әрекеттерді
ж ү з е г е а с ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .
5 4 . Д е п у т а т :

1) Мәслихаттың және өзі құрамына сайланған оның органының жұмысына
қ а т ы с у ғ а ;

2) өз округі сайлаушыларымен тұрақты байланыс жасауға, оларға
мәслихаттың жұмысы, оның тұрақты комиссияларымен өзге де органдарының
қызметі, мәслихат шешімдерінің орындалуы туралы ұдайы хабарлап отыруға,
мәслихат шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруға және бақылау жасауға
қ а т ы с у ғ а м і н д е т т і .

55. Мәслихаттың әрбір депутатына өкілеттіктерін кедергісіз және тиімді
жүзеге асыру үшін жағдай жасалуына, оның құқықтарын қадір-қасиетімен
ар-ожданын қорғауға кепілдік береді.

56. Депутат регламентте белгіленген тәртіппен мәслихат сессияларын,
тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының отырыстарын өткізу
кезеңдерінде, депутаттық өкілеттіктерді жүзеге асыру уақытында оған негізгі
жұмыс орны бойынша жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен орташа
жалақысы сақтала отырып, қызметтік міндеттерін орындаудан босатылады.

13-тарау. Мәслихат өкілеттігін тоқтату негіздері

57. Аудандық мәслихаттың өкілеттігі Қазақстан Республикасының
Конституциясында белгіленген оның өкілеттік мерзімі аяқталғанда тоқтатылады.

58. Аудандық мәслихаттың өкілдігі Қазақстан Республикасы бас
прокурорының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің
Сенаты мерзімінен бұрын мынадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясын, заңдарын сот тәртібімен заңсыз
деп танылған шешімдер қабылдау түрінде бірнеше рет (екі және одан да көп)
б ұ з с а ;

2) егер жаңадан сайланған аудандық мәслихат бірінші сессиясын ашылған
күннен бастап отыз күн өткенше өз құрылымын белгілемесе және тиісті
о р г а н д а р ы н қ ұ р м а с а ;

3) тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс қайта ұйымдастырылса немесе
т а р а т ы л с а ;

4) Мәслихат өз депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің жасырын
даусымен өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаса;

5) жергілікті бюджетті, аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық

және әлеуметтік бағдарламаларын екі рет бекітпеумен білдірілген аудандық әкіммен арада еңсерілмейтін келіспеушіліктер болса;

б) әкімшілік-аумақтық бөліністі басқару схемасын екі рет бекітпеумен білдірілген әкіммен арадағы еңсерілмейтін келіспеушіліктер болса тоқтатады.

59. Аудандық мәслихат өз депутаттары жалпы санының үштен екісінің даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің, не жоғары тұрған әкімнің алдына оны қызметінен босату туралы мә с е л е қ о ю ғ а қ ұ қ ы л ы .

Әкім ұсынған аумақта дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептерді мәслихаттың екі рет бекітпеуі аудандық мәслихаттың әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселені қарауы үшін негіз болып табылады.

14-тарау. Мәслихат аппараты

60. Аудандық мәслихат аппараты аудандық мәслихаттың, депутаттары мен оның органдарының қызметін қамтамасыз ететін, жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме болып табылады.

61. Аудандық мәслихат аппараты мемлекеттік қызметшілерінің штат саны жеті депутатқа бір қызметкер қатынасында, бірақ үш адамнан кем емес болып белгіленеді. Аудандық мәслихат аппараты мемлекеттік қызметшілерінің қызметі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

62. Аудандық мәслихат аппараты мәслихатпен оның органдарын ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асырады, депутаттарға өздерінің өкілеттігін жүзеге а с ы р у ғ а к ө м е к к ө р с е т е д і .

63. Мәслихаттың өкілеттік мерзімінің аяқталуымен, мәслихат өкілеттік мерзімінен бұрын тоқтатылған және оның депутаттарының жаңа құрамы сайланған жағдайларда, мәслихат аппараты мемлекеттік қызметшілерінің қызметі тоқтатылмайды.

15-тарау. Мәслихаттың тексеру комиссиясы<*>

Ескерту: 15-тарау жаңа редакцияда - Алматы облысы Талғар аудандық Мәслихатының 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 7-38 шешімімен.

1. Аудандық мәслихаттың тексеру комиссиясы (қаржыны қадағалау комиссиясы) мәслихаттың бөлімі ретінде құрамы болып есептеледі.

2. Комиссия Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Заңдарының негізінде жұмыс атқарады, өз жұмысында аудандық мәслихаттың регламентін басшылыққа алады.

Комиссияның қызметі және міндеті

3. Комиссия өзіне берілген мынадай міндеттерді атқарады:

- 1) аудандық бюджеттің түсімін қалыптастыру және орындалуының, шаруашылық қызметтің қаржыландыруын қадағалауды жүзеге асыру, мәслихаттың және аудандық әкімшіліктің және жеке құрылымдарының, мекеме және ұйымдарының, бюджет қаржысының ұсталатын шаруашылық жекеменшіктерді нәтижелі және белгілі мақсатпен пайдалануды қадағалау;
- 2) бюджеттен тыс қорлардың, бюджет қаржысының нәтижелі және үнемдеп пайдалануды, түсімнің уақытысында және толық түсуін қадағалау;
- 3) аудан меншігіндегі мүліктерді жеке меншікке беруден түскен қаржының пайдаланылуын қадағалауды жүзеге асыру;
- 4) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасына бөлінген қорлардың заңды және тиімді пайдалануын тексеру, аудан әкімшілігі және құрылымдарының инвестициялық жұмыстарын қадағалау;
- 5) сауда мекемелерінің жарғылық қорларының және аудан қаржысы, меншігінің заңды түрде берілуін тексеру;
- 6) жалдамалы мекемелердің, шаруашылық меншіктердің орнына құрылған құрылымдардың шаруашылық қаржы қызметін қадағалау;
- 7) тексеру комиссиясының жұмысын жоспарлау;
- 8) тексеру комиссиясының жұмыстарын жүргізу жұмысы.

Тексеру комиссиясының өкілеттігі

4. Осы қағидаға байланысты тұрақты комиссия өз қызметін атқару үшін өз өкілеттігін жүргізеді.

- 1) комиссия жұмысына байланысты жергілікті және мемлекеттік басқару органдарынан, басқармалардан, мекеме, жекеменшік түріне қарамай барлық ұйымдардан белгіленген жағдайда арнаулы анықтамалар, статистикалық талдаулар, басқа да мәліметтер сұратуға және алуға;
- 2) аудандық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің аудандық бюджетті орындауын аудандық Мәслихаттың ол туралы шешімінің орындалуын қадағалауды жүзеге асыру, аудандық бюджеттен бөлінген қаржыны дұрыс пайдаланып, оның ішінде кредиттер, мемлекеттік органдардың ішінде жергілікті бюджетте қаржы толық және уақытысында түсуін қамтамасыз етуге;
- 3) жергілікті бюджеттің пайдалануын құрастыру жұмыстарының жағдайын

кешенді және іріктеу тексеруін жүргізуге,

4) аудандық бюджеттен қаржыландыратын объектілердің қаржы құжаттарын, есеп кітапшалары жоспарларын, счеттарын, сметалары және қаржы шаруашылық қызметтерінің басқа да құжаттарын, қалдық ақшадай қаржыларын, бағалы қағаздарды, бағалы заттардың және олардың жұмсалуды тексеруге,

5) аудандық мәслихаттың депутаты емес мамандарды, экспорттарды, қаржы және басқа кәсіпорындардың, мекемелердің іскер жұмыскерлерін келісім шарт бойынша жұмысқа тартуға,

6) өз құзыретіне қарай тексерілген мекеме, ұйым және кәсіпорындарға орындалуға тиісті кемшіліктерді уақытысында жоюды, аудандық бюджетте төленбеген немесе заңсыз жаратылған қаржысын аудандық бюджетке өндіруге,

7) қаралған, тексерілген мәліметтерді мәслихаттың қажетті тұрақты комиссиясын аудандық әкімиятқа, комитеттері мен басқаларын тексеріп осы жөнінде тиісті шаралар қолдану үшін жіберіп отыруға,

8) мемлекетке заттай келтірген зиянкестігі, қырсыздығы үшін мәслихаттың шешімдерін, заңның талаптарын орындамағаны үшін кінәлі лауазымды кісілерді жауапкершілікке тартуға аудандық мәслихатқа, әкімиятқа ұсыныс жасауға өкілетті.

Тексеру комиссиясының жұмысын ұйымдастыру

5. Аудандық мәслихаттың тексеру комиссиясы мәслихаттың өкілеттік мерзіміне оның депутаттарынан және де ауылшаруашылық мамандарынан құрылады. Тексеру комиссиясының сан құрамын мәслихат белгілейді.

6. Тексеру комиссиясының төрағасы ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы мәслихаттың сессиясында, тек қана аудандық мәслихаттың депутаттарының қатарынан сайланады.

7. Мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы лауазымына сайлау үшін кандидатты аудандық мәслихаттың депутаттары ұсынады.

8. Мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы лауазымына кандидатты сайлауды сессия бекітеді, жасырын дауыс беру тәртібі мәслихаттың Регламентімен анықталады.

9. Мәслихаттың депутаты, тексеру комиссиясының төрағасы болып сайланғанда аудан әкімінің аппарат басшысына белгілеген мөлшерде жалақы белгіленіп, бос түрде жұмыс атқарады.

10. Комиссия қызметі әрбір комиссия мүшелерінің жеке жауапкершілігі негізінде құрылады.

11. Комиссия өз жұмысын аудандық Мәслихаттың басшылығымен атқарып, оның алдында жылына бір реттен кем емес өз қызметі туралы есеп береді.

12. Тексеру мәслихаттың тексеру комиссиясының шешімімен жүргізілуі мүмкін, болмаса мәслихат хатшысының, мәслихат депутаттарының үштен екі санының талабы бойынша тағы да басқа жағдайларда Қазақстан Республикасы Заңнамасында көрсетілгендей тексеру комиссиясы бойынша тексеру комиссиясы акт жазады, ол туралы мәслихат және әкімшіят хабарлайды. Тексеру жылына бір реттен кем жүргізілмейді.

13. Тексеру, талдау, қадағалау жүргізу, жоспарлау жұмыстарын жүргізуге байланысты комиссия өз құзыретіне қарай барлық сұрақтарды өз бетімен шешеді.

14. Комиссияның отырыс жиналысы тоқсан сайын бір реттен кем емес керекті жағдайда өткізіледі.

15. Комиссия отырыс жиналысына 2/3 мүшесі қатысса өкілетті болады. Шешім қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

16. Комиссия өз жұмысын аудандық Мәслихаттың тұрақты комиссияларымен және басқарушы органдармен, аудандағы мүдделі мекемелермен келісіп атқарады.

17. Тексеру жоспар бойынша аудандық қаржы басқармасы, аудандық салық комитеті және аудандық қазына басқармаларымен бірігіп өткізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау үшін өз өкілеттігі мерзіміне тексеру комиссиясын сайлайды.

Тексеру комиссиясының жұмыс тәртібі мен өкілеттігі мәслихаттың сессиясында қабылданған "Талғар аудандық мәслихаты тексеру комиссиясының ережесімен" анықталады.

16-тарау. Саяси партиялардың депутаттық топтары

64. Аудандық мәслихатта Жарғыға сәйкес 5 депутаттан кем емес саяси партиялардың мүшелері партиялық топтар құра алады.

65. Саяси партиялардың депутаттық топтарын тіркеу мәслихат өкілеттігі мерзімінде жүзеге асырылады.

Аудандық мәслихат саяси топтарының қызметі Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген мәслихат өкілеттігі біткен жағдайда тоқтайды немесе:

- 1) саяси партиялардың өзін-өзі тарату туралы шешімі қабылданғанда;
- 2) заң органдарының саяси партияларға тыйым салу, тарату туралы шешіміне байланысты;

3) партиялық топтардың мүшелерінің саны 5-тен кемуіне байланысты.

66. Партиялық топтарда алдын-ала талқыланып, сессияның қарауына:

- 1) тұрақты комиссияның төрағаларына, мәслихат органдарының басқарушы

- лауазымдарына кандидаттарын;
- 2) партиялық топтардың бастамасы бойынша күн тәртібін құрастыруға байланысты қосымша сұрақтар енгізуге;
- 3) ауданның экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасын, басқару схемасын, бюджеттің жобасын;
- 4) аудан әкімінің, селолық әкімдердің, орынбасарларының және басқа да аудандық қызметтегі лауазымды адамдардың есебін тыңдау туралы сұрақ;
- 5) тұрақты комиссиялардың көпшіліктік тыңдауларды ұйымдастыру туралы;
- 6) Мәслихаттың қарауына және бекітуіне енетін басқа да құжаттардың жобаларын ұсынады.

17-тарау. Аудандық Мәслихат басқару органдарын сайлаудың іс-жосығы

67. Аудандық мәслихат хатшысы лауазымына кандидатураларды депутаттар, саяси партиялардың депутаттың топтары ұсынады. Депутаттардың өзін өзі ұсынуды да болады.

68. Мәслихат хатшысы лауазымына сайлану үшін кандидат сессияда атқарылатын жұмыс бағдарламасын баяндайды. Сессияға қатысушы әр депутат кандидатқа сұрақ қоюға, ұсынылған бағдарлама туралы өз ойын айтуға құқылы. Кандидаттарды талқылау депутаттардың көпшілік даусымен қабылданған мәслихат сессиясының шешімімен тоқтатылады.

Мәслихат хатшысы лауазымына кандидатты сайлау үшін аудандық мәслихат сессияда бекітеді.

Жасырын дауыс беру үшін депутаттардың арасынан санақ комиссиясы сайланады, дауыс беру үшін бюллетеньдер, бюллетень салатын жәшік және дауыс беру кабинасын дайындайды.

Аудандық мәслихат хатшысы лауазымына ұсынылған екі кандидаттан дауыс беруге қатысқан депутаттар жалпы санының жартысынан көп дауыс алған кандидат сайланған болып есептеледі.

Егер аудандық мәслихат хатшысы лауазымына екіден көп кандидаттар ұсынылса және олардың бірде-біреуі сайлануға қажетті дауыс санын алмаған жағдайда, көп дауыс алған екі кандидаттарға қайта жасырын дауыс беру жүргізіледі.

Егер қайта дауыс беру кезінде екі кандидаттың бірде біреуі дауыс беруге қатысушы депутаттардың жалпы санының жартысынан көп дауыс алмаса жаңа кандидаттар ұсынылып, қайта сайлау өткізіледі.

69. Мәслихат депутаты тұрақты негізде мәслихат хатшысы болып сайланған жағдайда, оған аудан әкімінің орынбасары үшін белгіленген мөлшерде жалақы белгіленеді.

70. Хатшы өзінің қызметі бойынша аудандық мәслихатқа есеп береді және кез келген уақытта ашық және жасырын дауыс беру арқылы қызметінен б о с а т ы л а д ы .

Мәслихат хатшысын кері шақыру туралы сұрақ осы Регламентте көрсетілгендей жасырын дауыс беру арқылы жүргізіледі.

Аудандық мәслихаттың хатшысын кері шақыру туралы шешім аудандық мәслихаттың депутаттары жалпы санының үштен екісі көпшілік даусымен қ а б ы л д а н а д ы .

71. Аудандық мәслихат хатшысы өз өкілеттігін ерікті мерзімінен бұрын тоқтату өз өтініші бойынша іске асады. Аудандық мәслихат хатшысы өкілеттігін ерікті мерзімінен бұрын тоқтату туралы сессияда шешім қабылдайды.

Аудандық мәслихат хатшысы мәслихаттың тұрақты комиссияларында болуға қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

72. Тексеру комиссиясының төрағасын сайлау тәртібі аудандық мәслихаттың сессиясында бекітілген "Тексеру комиссиясының ережесімен" белгіленеді.

73. Тұрақты комиссияның төрағасы ашық дауыс беру арқылы сайланады. Қажет болған жағдайда жасырын дауыс беру шаралары қолданылады. Тұрақты комиссиялардың мүшелерін сайлау үшін сессия шешімі бойынша комиссия құрамына толық немесе әр кандидатқа жеке дауыс беру арқылы жүргізіледі. Тұрақты комиссияның төрағаларымен мүшелерін сайлау туралы аудандық Мәслихат сессиясында шешім қабылданады.

18-тарау. Қорытынды ережелер

74. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы туралы" Заңында белгіленген жағдайда мәслихат сессиясы өтетін залдарда әкімият және аудандық мәслихат ғимараттарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы қ о л д а н ы л а д ы .

75. Қазақстан Республикасы Заңдарына сәйкес аудандық мәслихат және әкімият өз баспасөз органына құрылтайшы болуға, жергілікті радио, телевидение , бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға құқылы.

76. Аудандық мәслихаттың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына сәйкес келмейтін шешімдерін мәслихаттың өзінің жоюы не сот тәртібімен жойылуы мүмкін.